

ҚАЗАҚСТАН ЖОҒАРЫ БІЛІМІНІҢ ҚАРА ШАҢЫРАҒЫ

«XXI ғасырда білімін дамыта алмаған елдің тығырыққа тірелері анық. Біз болашақтың жоғары технологиялық және ғылыми қамтымды өндірістері үшін кадрлар қорын жасақтауымыз қажет. Осы заманғы білім беру жүйесінсіз әрі алысты барлап, кең ауқымда ойлай білетін осы заманғы басқарушыларсыз біз инновациялық экономика құра алмаймыз. Демек, барлық деңгейдегі білім беруді дамытуға бағытталған тиісті шаралар қолдануымыз шарт». Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың осы тапсырмасын берік ұстанған еліміздің білім саясаты әлемдік аренадан өз орнын нақтылауда. Себебі, білімді де білікті маман-кадрлар экономиканы қарқынды дамытуда, елімізді рухани жаңғыртуда маңызды ресурс болып табылады. Бұл салада еліміздегі педагогикалық жоғары оқу орындарының көшбасшысы, биылғы жылы өзінің 90 жылдық мерейтойын атап өткелі отырған Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің де өзіндік орны бар.



Сонау XIX ғасырда ұлы ағартушы-педагог Ы.Алтынсарин: «Өнер-білім бар жұрттар тастан сарай салғызған, айшылық алыс жерлерден көзіңді ашып-жұмғанша жылдам хабар алғызған», – деп қазақ сахарасын өнер-білімі дамыған Еуропадай білімі, ғылымы және мәдениеті дамыған өркениетті елге айналдыруды арман етсе, ұлы ағартушының бұл арманы XX ғасырда ғана жүзеге асты.

XX ғасырдың 20-шы жылдарында, Қазақстан дербес республика болып жарияланған кезде, бізде жоғары оқу орны мүлде болмағаны анық. Бұл да халықты, оның ішінде көзі ашық зиялыларды қатты толғандырған мәселе еді. Алаш арыстарының ұсыныстары бойынша осыдан тура 90 жыл бұрын Алматыда тұңғыш жоғары оқу орны – Қазақ мемлекеттік университеті ашылды. Бұл ұзақ жылдар бойы атақты ҚазПИ атанған, қазіргі Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті болатын.

Университет Қазақ АКСР Халық Комиссарлар Кеңесінің 1927 жылғы 23 наурызда қабылдаған қаулысы негізінде 1928 жылғы қазанда ашылды.

Кезінде осы оқу орнында дәріс оқыған ұлы М.Әуезов «Білімнің тұңғыш ордасы» деген мақаласында (1939 ж.)

былай деп жазған еді: «Бұл жоғары оқу орнының ашылуы қазақ халқы үшін үлкен игілікті іс еді, өйткені бұл қазақ халқының мәдениет, өнер-білімінің жоғарылауына тартылған алғашқы арқалық сияқты еді. Мектептен жұрдай болып келген қазақ даласы білімпаз адамдарға, әсіресе, мұғалімдерге зар еді. Сол тілеуге ең алғаш жеміс берген осы ҚазПИ. Сондықтан оның рөлі басқа оқу орындарынан өзгеше. Ол бізге алғашқы тұңғышымыздай болып ыстық көрінеді».

Тұңғыш жоғары оқу орнында әуелде физика-математика, жаратылыстану және лингвистика – педагогикалық бөлімдерден құрылған жалғыз факультет болды. Алғашқы кезде педагогикалық, ауыл шаруашылық және медициналық факультеттер құру жоспарланып, олар 1932-1933 оқу жылында ашылады деп шешім қабылданған еді. Алайда кең байтақ қазақ сахарасындағы сауатсыздықты жою жөніндегі кезек күттірмес міндет бәрінен бұрын педагог кадрларын қарқынды түрде даярлауды талап

еткендіктен, алғашқы университетті педагогикалық институтқа айналдыру қажеттігін өмірдің өзі ұсынды. Осыған орай оқу орны 1930 жылдан бастап Қазақ мемлекеттік педагогикалық институты (ҚазПИ) деп атала бастады да, оған 1935 жылы ұлы ойшыл, ақын Абайдың есімі берілді. Ол бүгінде Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті деп аталады.

«Іс тетігін кадрлар шешеді» демекші, сол кездің өзінде тұңғыш қазақ педагогика институтының сапалы мамандар даярлауы үшін оқытушы – профессорлар құрамын білікті ғылымдармен жасақтау мәселесі күн тәртібіне қойылды.

Қазақ халқының аяулы перзенттері, ұлтымыздың мақтаныштары Ораз Жандосов, Санжар Асфендияров, Ахмет Байтұрсынов, Сәкен Сейфуллин, Халел Досмұхамедов, Ілияс Қабылов, Бәймен Алманов, Темірбек Жүргенов институт қабырғасында дәріс беріп, шәкірт тәрбиелеуге белсене атсалысты.

Белгілі тіл мамандары Қ. Жұбанов, С.Аманжолов, М.Жолдыбаев, математик Ә.Ермеков және басқа да



**Тарихшы-зерттеуші
Манкеев Нұрдәулет Белекұлының
жеке қорынан ұсынылды**

Бұрынғы Верный қыздар гимназиясының орнында «Қазақ Мемлекеттік университеті» деген атаумен ашылған қазақтың тұңғыш жоғары оқу орнының алғашқы ғимараты. 1928 ж.

ұлттық ғалымдарымыз оқытушы-профессорлар құрамының алдыңғы санында болды.

Институт басшылығы осындай күрделі кезеңде Мәскеу мен Ленинград университеттерінің көмегіне сүйенді. Олар Қазақ педагогика институтына кітап қорымен, оқу және әдістемелік құралдарымен, зертханалық жабдықтарымен көмектесіп отырды. Мәскеуден Қазақ педагогика институтында жұмыс істеу үшін әдебиетші-ғалым Н.Н.Фатов, математик Б.Л.Кругляк, физика маманы В.Ф.Литвинов, биология ғылымдарының докторы С.В.Логинов, эмбриолог А.А.Захваткин тәрізді көптеген белгілі ғалымдар келді.

Сонау Қазан төңкерісінен бұрын, қазақ сахарасынан қараңғылық бұлты әлі сейілмей тұрған кезде, ағартушылық ұран тастап, бүкіл қазақ жұртын дүр сілкіндірген Ахмет Байтұрсынұлы сол кездің өзінде-ақ халқым білімді жұртпен теңессе екен деп, жас ұрпаққа арнап өнегелі сөздер, оқулықтар жазса, Алматыда тұңғыш қазақ университетін ашуға да жанталаса үлес қосқан қайраткерлеріміздің бірі болған. Ахаң Қазақстанның тұңғыш жоғары оқу орнында студенттерге тіл білімінен дәріс оқыды. Студенттерге арнап тіл және әдебиеттен «Тіл – құрал», «Әдебиет танытқыш», Жүсіпбек Аймауытов «Психология» («Жантану»), Мағжан Жұмабаев «Педагогика» оқулықтарын жазды.

Осы ретте қазақтың көрнекті ақын-жазушылары, мемлекет және қоғам қайраткерлері, білікті мұғалім кадрлары мен ғалымдарының үлкен шоғыры осы ҚазПИ-ден шыққанын ерекше атап өткен жөн. Мұхтар Әуезов, Қажым Жұмалиев, Құдайберген Жұбанов және т.б., ғалымдар ҚазМУ-да ұстаздық етті. ҚазПИ профессорлары Қазақстандағы басқа да жоғары оқу орындарына арнап мамандар даярлау ісіне белсене атсалысты.

Жалынды ақын Сәкен Сейфуллиннің қазақ әдебиеті тарихынан оқыған лекциялары да тыңдаушыларын білім айдынына қанаттандыра түсті. Көрнекті мемлекет және қоғам

қайраткерлері Ораз Жандосов пен Халел Досмұхамедов та оқу орнын қалыптастыру ісіне белсене атсалысып, болашақ мамандарды тәрбиелеуге өлшеусіз үлес қосқан ұлағатты ұстаздар болды.

Алғашқы жоғары оқу орнын ашуға, оны қалыптастыруға зор еңбек сіңірген алғашқы ректор Санжар Асфендияров есімін ерекше ілтипатпен атаған жөн. Оның қастерлі есімі оқу орнының тарихында алтын әріптермен жазылды. Араб, парсы, ағылшын, француз тілдерін жетік меңгерген, қала берді оқу-ағарту ісінің қайраткері, дарынды ғалым, көрнекті мемлекет қайраткері С.Асфендияров университеттің ұйымдастырушылық жұмысын жан аямай атқарды, алғашқы студенттерді қабылдады. Оқу орнының оқу-материалдық базасын қалыптастыруға, оны оқулықпен, оқытушылармен қамтамасыз етуге өлшеусіз үлес қосты.

Ол кейін, 1930 жылы, Алматы медицина институтын ашуға да белсене атсалысып, оның да алғашқы ректоры болған кісі. Онан кейін республика Денсаулық сақтау Халық комиссары және Халық ағарту комиссары болды.

Алғашқы жылдардан бастап институт бастауыш және орта мектептердің білікті мамандарын даярлап шығара бастады. Уақыт өткен сайын мамандар даярлау сапасы анағұрлым жақсарды, студент-шәкірттерді оқытып-тәрбиелеудің сапалы дәстүрлері қалыптасты. Оқу орны ғылыми ойдың орталығына айналды. Тіл мен әдебиет, тарихқа қоса

жаратылыстану ғылымдарының сан саласы бойынша да алғашқы зерттеулер жүргізілді. Сонымен, отызыншы жылдардың аяқ кезінде тәжірибие жинақтауы, материалдық-техникалық базасының нығайтылуы, білікті ғылыми-педагогикалық кадрлар қатарының көбеюі жағынан ҚазПИ-дің оқу-ғылыми орталығы ретіндегі рөлі өлшеусіз өсті.

1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысында майдан далаларында көрсеткен ерен ерліктері үшін ҚазПИ-дің көптеген оқытушылары мен студенттері жоғары мемлекеттік наградаларға ие болды. Мәскеуді неміс-фашист басқыншыларынан қорағудағы ерен ерлігі үшін атқыштар батальонының саяси жетекшісі Мәлік Ғабдуллин Кеңес Одағының Батыры атағына ие болды. Өзі батыр, өзі әдебиетші-ғылым Мәлік Ғабдуллин кейінірек ҚазПИ-ді ұзақ жыл басқарып, оның дамуына өлшеусіз үлес қосқан қайраткер. Сондай-ақ ҚазПИ-дің белгілі оқытушылары мен студенттері Лесбек Жолдасов, Қанаш Қамзин, Құдайберген Сұрағанов, Рахымжан Тоқатаев, Ахмедияр Құсайынов, Сәду Шәкіров елімізді басқыншы жаулардан азат ету жолындағы жанқиярлық ерліктері үшін Кеңес Одағының Батыры атанып, омырауларына Алтын жұлдыз қадады.

Соғыстан кейінгі жылдары мектептерде маман мұғалім кадрларына деген қажеттілік күрт өсті, сондықтан студенттер қабылдау, әсіресе сырттай оқуға қабылдау саны еселей артты.



Қазақтың тұңғыш жоғары оқу орны - Қазақ Мемлекеттік университетінің бірінші ректоры Санжар Асфендияров. 1929-1931 жж.



Тұңғыш ашылған Қазақ мемлекеттік университетінің алғашқы 9 оқытушысы мен 1 курс студенттері. 1928 ж. Солдан оңға қарай 2-қатардағы отырған: 2-ші Владислав Дубоцин (ағылшын тілі), 3-ші Әлімхан Ермеков (математика), 4-ші Василий Потапов (математика), 5-ші Ахмет Байтұрсынұлы (қазақ тілі мен әдебиеті), 6-шы Едіге Мансұров (ғылыми-оқу бөлімінің проректоры, тарих), 7-ші Санжар Асфендияров (ректор, тарих), 8-ші Халел Досмұхамедов (әкімшілік-шаруашылық бөлімінің проректоры, педология), 9-шы Николай Фатов (орыс тілі мен әдебиеті), 10-шы Борис Ровинский (физика).

Егер 1946 жылы күндізгі бөлімнің бірінші курсына 362 студент қабылданса, сол жылы институтты сырттай 60 адам ғана бітірді. Ал 1956 жылы күндізгі бөлімге 567 студент оқуға түссе, сырттай оқуды 594 адам тәмамдады. ҚазПИ 1978 жылы өзінің 50 жылдық мерейтойын лайықты табыстармен қарсы алды. Бұл кезде институттың 39 кафедрасында 400 оқытушы, оның ішінде 16 ғылым докторы мен профессорлар, 200 ғылым кандидаты, доценттер жұмыс істеді.

Көрнекті әдебиет, мәдениет және ғылым қайраткерлері: С.Аманжолов, Х.Бекхожин, Қ.Жұмалиев, О.Жәутіков, М.Қаратаев, А.Ысқақов, А.Қалыбаева, С.Қирабаев, А.Нүсіпбекова, Г.Омарбекова, Ж.Саин, Ш.Сәтпаева, Р.Сыздықова, Ә.Тәжібаев, С.Қасқабасов осы оқу орнының мақтан тұтар тұлғалары. Олар ҚазПИ-де мамандар даярлау ісіне өлшеусіз үлес қосты. Біз бүгін қазақ білім ордаларының қара шаңырағында білім алған тұлғалардың ішінен еліміздің ғылым, білім, мәдениет салаларын дамытуға өлшеусіз үлес қосқан белгілі

ғылым және қоғам қайраткерлері М.Әбдіхалықова, Т.Тәжібаев, А.Зақрин, К.Айманов, А.Сембаев, Н.Жанділдин, Б.Бөлтірікова, Ә.Шәріпов, Е.Мәмбетқазиев, Ө.Жәнібеков, М.Ахметова, А.Тұмарбекова сияқты аға ұрпақ өкілдерінің есімін құрметпен атаймыз.

Иә, өткенсіз – бүгін, бүгінсіз – ертең болмайтыны сияқты, ең алғашқы қазақ университеті, онан соң Қазақ мемлекеттік педагогикалық институты, 90-шы жылдары Алматы мемлекеттік университеті, 2003 жылғы қыркүйектен бері Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті атанған біздің оқу орнымыздың қысқаша тарихы осындай.

Қоғамның әлеуметтік құрылымының өзгеруі, нарықтық қатынастарға көшу, жоғары білім беру және кадрлар даярлауды әлемдік стандарттарға жақындату ісі білім берудің жаңа үлгілерін жүзеге асыру міндеттерін алдыға қоюда. Бүгін, міне, университеттің бүкіл оқытушы-профессорлар құрамының күш-жігері осы мақсатқа жұмылдырылған.

Бүгінде Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті еліміздегі «Білім», «Гуманитарлық ғылымдар», «Жаратылыстану ғылымдары» саласындағы аса ірі ғылыми білім беру орталығы болып табылады.

Университет базасында Ұлттық ғылым академиясының Қоғамдық және гуманитарлық ғылымдар бөлімшесі, «Білім» бағыты бойынша Республикалық оқу-әдістемелік кеңесінің оқу-әдістемелік бірлестігі жұмыс жасайды. «Абайтану», «Жамбыл және халық ақындары», «Тұлғатану», «Айтылған тарих», «Педагогикалық білім беруді дамыту», «Тұлға психологиясы», «Филологиялық зерттеулер», «Этномәдениет және ғылыми шығармашылық», «Превентивтік суицидология және Қазақстан Республикасы жоғары оқу орындарына ресурстық кеңес беру орталығы», «География және экология ғылыми-әдістемелік орталығы» бүгінде нағыз ғылыми зерттеу ошақтарына айналып отыр.

Сондай-ақ университетімізде ірі-ірі 7 институт, 39 кафедра, ондаған зертхана, магистратура, докторантура еліміз үшін аса қажетті мамандар мен ғылыми кадрлар даярлап шығаруға қызмет етуде. Қазіргі таңда бізде 7 мыңнан астам студент білім алып жүр. Еліміздің жоғары оқу орындары үшін PhD докторларын әзірлеудеміз.

Жаңалау мен үздіксіз білім беруге көшу мамандар даярлауды халықаралық стандарттарға жақындататыны сөзсіз. Онда білімнің бәсекелестікке қабілетті болуы, ғылым мен тәжірибе бірлігінің қалыптасуы, қазіргі ең озық ақпараттық-коммуникациялық техникалардың кеңінен қолданылуы өте маңызды. Қазіргі таңда бізде оқу үдерісін жетілдіру үшін іргелі ғылымдар бойынша алған білімді шығармашылықпен дамытуға дайындық күшейтіліп, мамандарды қажетсініп отырған мекемелермен тығыз байланыс орнатылған.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев үнемі еліміздің білім беру саласының алдына жауапты міндеттер жүктеп отырады. Сондай-ақ кәсіби мамандар даярлауда жаңа ізденістер керек екенін де айрықша атап көрсетті. Қажет болса тиісті білім салаларына шетел ғалымдары мен оқытушыларын көптеп тарту көзделіп отыр. Шетелдік білікті мамандардың шақырылуы отандық жоғары мектеп корпусының

бәсекеге қаншалықты қабілетті екенін айқындайтын көрсеткіш болып табылады. Сонымен бірге шетелдермен ғылыми-ақпарат алмасудың да пайдасы орасан зор.

Елбасы Жолдауларына және «Қазақстан Республикасында білім беру және ғылымды дамытудың 2016–2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасының» талаптарына сәйкес, білім беруді, ғылымды жетілдірудің және оны әлемдік стандарттарға сәйкестендірудің нақтылы жолдарын айқындау үстіндеміз. Ең әуелі білім берудің жаңа заманға сай жаңа технологиялары игерілуде.

Кадрлар даярлаудың ауқымы кеңеюіне байланысты оқу-әдістемелік және ғылыми жұмысқа ерекше көңіл бөлінуде. Университет жанынан ашылған республикалық оқу-әдістемелік бірлестігі мемлекеттік стандарттарға байланысты өз университетімізге ғана емес, Қазақстанның басқа да жоғары оқу орындары үшін әдістемелік нұсқаулықтар дайындаумен айналысады. Бұлар, негізінен, оқу жоспарлары, маманның кәсіби мінездемесі, оқытылатын сабақтар бойынша типтік бағдарламалар, оқулықтар, оқу-әдістемелік құралдар. Шетелдік университеттердің тәжірибесіне сүйене отырып, оқытудың жаңа әдіс-тәсілдерін үйрететін әдістемелер де осы орталықтан шығады.

Университет өткен оқу жылында едәуір табыстарға қол жеткізді. Ең үлкен жетістік ретінде біздің университет 2017 жылы әлемнің үздік 500 университеттерінің қатарына және QS World University Ranking рейтингісіне енгенін атап кетуге болады.

Шығыс Еуропа және Орталық Азия арнаулы ранжирлеуінде 30 елдің 200 алдыңғы қатарлы университеттері арасында ҚазҰПУ 91-орында тұр. Университет Web of Science ақпараттар базасында импакт-факторы бар мақалалар саны бойынша республикадағы педагогикалық жоғары оқу орындары арасында бірінші орын алды. Ұлттық рейтингілер бойынша Абай атындағы ҚазҰПУ педагогикалық жоғары оқу орындары арасында алдыңғы орында. 2017 жылы Білім саласындағы Сапаны қамтамасыз ету жөніндегі Қазақстан



тәуелсіз агенттігінің Бас рейтингінде «Білім» бағыты бойынша (НКАОКО) педагогикалық жоғары оқу орындары арасында біздің университетіміз 1-ші орынды иеленіп, педагогикалық мамандықтарға арналған 28 білім беру бағдарламасы үздік үштікке енді.

Университеттің 130 оқу бағдарламасының көпшілігі халықаралық және ұлттық аккредитациядан өтті.

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті ерекше мәртебесі бар еліміздің жетекші педагогикалық жоғары оқу орны ретінде елімізде педагогикалық кадрларды дайындауды оқу-әдістемелік және ғылыми-әдістемелік қамтамасыз ету орталығы болып табылады. Шетелдік әріптестермен бірге дайындалған педагогикалық мамандықтар бойынша жаңа үлгідегі оқу бағдарламаларын

енгізу жұмыстарын бастадық. Көптілді білім беруге бағытталған Кембридж, Сассекс университеттері ғалымдарымен және еліміздің педагогикалық ЖОО-лармен, мектеп ұстаздарымен бірге физика, информатика, химия, биология мамандықтарын ағылшын тілінде оқытуға арналған оқу бағдарламалары әзірленді.

Университеттің осы білім беру бағдарламаларын оқу-әдістемелік қамтамасыз ету үшін 19 оқулық ағылшын тілінде дайындалды. Өткен оқу жылында университетте бакалавриат, магистратура және докторантурада 13 мамандықты ағылшын тілінде оқыту қолға алынды.





Педагогикалық білім берудің сапасын арттыру үшін «Бес институционалдық реформаны жүзеге асыру жөніндегі 100 нақты қадам» ұлт жоспары аясында және Білім беру мен ғылымды дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын орындау мақсатында университетіміз «Үш тілді білім беруді дамытудың жол картасы» жоспарын жүзеге асыруға кірісті.

2014 жылғы қыркүйекте университетімізде Францияның 800 жылдан астам тарихы бар Сор-

бонна-Париж сити университетінің филиалы «Сорбонна-Қазақстан» институты ашылғаны бүгінде көпке мәлім. 2014 жылғы 6 желтоқсанда француздық жаңа оқу орнының тұсауын Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев пен Француз Республикасының Президенті Франсуа Олландтың арнайы келіп кесуі, «Сорбонна-Қазақстан» институтының Мемориалдық тақтасын ашуы және оқу орнының алғашқы шәкірттерімен кездесіп, жүрекжарды тілектерін

білдіруі университет өміріндегі елеулі оқиға болды.

Осылайша «Сорбонна-Қазақстан» институты «Париж қаласының Сорбонна-сы» Жоғары білім-ғылым орталығының әлемдегі екінші және Орталық Азиядағы бірінші филиалы болып отыр. Ондағы білім беру үдерісі Болон конвенциясына сәйкес жүргізіледі. Десек те, бірлескен институттың ашылуы отандық білім беру саласының жоғары білікті мамандарға деген сұранысын қамтамасыз етудегі негізгі қадамдардың бірі болып табылады.

Бұл институтта білім беру бакалавриат пен магистратураның қосарланған диплом бағдарламасы бойынша жүзеге асырылуда. Абай атындағы ҚазҰПУ-дың аталған халықаралық жобаны жүзеге асыруы жастардың Еуропалық үлгідегі білім алуына жол ашты. Қазіргі уақытта 122 магистрант халықаралық құқық, халықаралық қатынастар, менеджмент, маркетинг саласында білім алуда. Үшінші және төртінші курс (бакалавриат) үздік студенттері Сорбонна Париж Консорциумының мүшелері болып табылатын университеттердің бірінде оқуын жалғастыра алады.

2015-2016 оқу жылында «Сорбонна-Қазақстан» институты ең алғашқы түлектерін ұшырды. Мұнда «Менеджмент» және «Халықаралық қатынастар» мамандықтарының 42 магистрі Абай атындағы ҚазҰПУ





мен «Париж қаласының Сорбоннасы» университетінің дипломдарын қатар алып шықты. 2017 жылы 22 маман диплом алды.

Университетте жалпы саны 883 профессор-оқытушы дәріс оқиды. Ғылыми дәрежесі мен атағы барлар – 526 адам, оның 157 ғылым докторы, профессор, 369 ғылым кандидаты, доцент, оның ішінде 25 Ph.D. докторы еңбек етеді. Сондай-ақ бізде 14 ҚР ҰҒА академиктері мен корреспондент-мүшелері, 45 басқа да қоғамдық академиялардың академиктері қызмет істейді.

Бүгінде ҚР Ұлттық ғылым академиясының академиктері мен корреспондент-мүшелері: С. Қирабаев, Ә.С. Бейсенова, К.Н. Нәрібаев, Е.Ә. Бектұров, Б.Ө. Сманов, М.Қ. Қойгелді, Ғ.У. Уәлиев, А.Е. Әбілқасымов, ғылым докторлары Е.Ы. Бидайбеков, Т.С. Тебегенов, М. Мырзахметов, Г.Я. Селютин, Б.А. Әлмұханбетов, К.И. Мирзоев, Т.Т. Аяпова, Р.Ә. Шаханова, Ж.Ы. Ыдырысова, Ж.Қ. Симтиков, Ж.Б. Шілдебаев, С.Б. Бегалиева сияқты ондаған ұстаздарымыздың есімі құрметпен аталады.

2017 жылы алыс және жақын шетелден келген 75 ғалым дәріс оқып, шеберлік-сыныптарын өткізді. Сонымен бірге, «Сорбонна – Қазақстан» институты мен ҚазҰПУ-дың профессор-оқытушылар құрамынан 23 оқытушы

Париж қаласындағы Сорбонна университетінде дәріс оқып қайтты.

Педагогикалық мамандықта оқып жүрген студенттеріміз үшін бүкіл оқу кезеңінде педагогикалық тәжірибе алу үздіксіз жүргізіледі. Студенттеріміз өндірістік және педагогикалық тәжірибе базасымен толық қамтамасыз етілген. Бүгінгі таңда біз олармен 170 келісім-шарт жасасып отырсақ, олардың 147-і білім беру мекемелері. Сонымен бірге университеттің Қапшағайда «Ұстаз» деп аталатын оқу-өндірістік комбинаты бар. Мұнда студенттердің далалық тәжірибе алмасуы және плэнерлері өткізіледі.

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті өз болашағын зерттеу университеті ретінде дамыту бағдарын қолға алуда. Университетте ғылыми зерттеулердің басым бағыттары анықталған. Мемлекет басшысының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласынан, «Мәңгілік ел» патриоттық идеясынан туындайтын міндеттер, үштілді білім беру, қазақ тілін латын әліпбиіне көшіру мәселелеріне байланысты Қазақстан Республикасы білім беру жүйесінің міндеттері, «Цифрлық Қазақстан» және ақпараттық-компьютерлік 3D-технологиялар негізінде жаңа білім ресурстары бойынша зерттеулер жүргізілуде.

Сондай-ақ Президентіміз Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» және «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» Жолдауларынан туындайтын міндеттерге байланысты оқу орнын «Цифрлық университетке» айналдыру үшін нақтылы шаралар жүзеге асырылуда. Соның бастамасы ретінде «Цифрлық университет» халықаралық Қазақстан-Ресей семинарын өткізгенімізді атап өткенім жөн болар. Мұнда Мәскеу қалалық педагогикалық университеті мен Краснояр мемлекеттік



университетінің ғалымдары мен біздің университетіміздің ғалымдары жан-жақты пікір алмасып, өз тәжірибелерімен бөлісті. Осы жолы университетімізде цифрландыру жөнінде Халықаралық ғылыми зертхана ашылды.

Білім және ғылым еліміздің әлеуметтік-экономикалық капиталын дамытудың негізгі факторлары болып табылады десек, дамыған және дамушы елдердің тәжірибесі көрсеткендей, цифрлық білім беру технологияларын енгізу Қазақстан Республикасының білім беру ақпараттық инфрақұрылымының дүниежүзілік білім беру ортасымен интеграциялануына ықпал ететінін ескеруіміз керек. Сондықтан Халықаралық Қазақстан-Ресей семинарын өткізу университетіміз үшін маңызды оқиға болғанын атап өтуіміз керек.

Оқу орны қызметінде халықаралық ынтымақтастық маңызды орын алады. Бүгінгі таңда Абай атындағы университет 11 халықаралық ұйымдарға, ассоциацияларға мүше. Әлемнің 36 мемлекетіндегі шетелдік университеттермен бірлескен жұмыстар бойынша 180 келісімшарт, меморандум, келісім жасалды.

Жалпы, университеттің білім мен тәрбие жөніндегі атқарып отырған іс-қызметі орасан. Елбасы Н.Назарбаевтың «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» Жолдауы мен «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық еңбегінен туындайтын міндеттерге байланысты бүгінде оқу орнын жаңа белестерге көтеруді басты мақсат етіп отырмыз. Университеттің тарихы терең,



болашағы ерен дейтін болсақ, сол тарихтың бастауында тұрған Алаш қайраткерлерін де университет ұжымы бір сәт естен шығарған емес. Оқу орнында университеттің қалыптасуына өлшеусіз еңбек сіңірген Ахмет Байтұрсынұлы, Санжар Асфендияров, Ораз Жандосов, Сәкен Сейфуллин, Бәймен Алманов, Халел Досмұхамедов, Құдайберген Жұбанов, Илияс Қабылов, Әлімхан Ермеков сынды арыстарымызға арнап ескерткіш тақта қойылған. Тілші-ғалым Қ.Жұбанов атындағы дәрісхана, М.Ғабдуллин атындағы «Тұлғатану» орталығын ашуымыз да сол ұлт зиялыларына деген құрметтің бір белгісі. Университетіміздің түлегі, көрнекті ғалым, оқу орнын 1953-1963 жылдары басқарған Кеңес Одағының Батыры Мәлік Ғабдуллиннің ескерткіш-барельефі бас оқу ғимаратының қабырғасында тұр. Бұның бәрі келешек ұрпақтың кемел ұстаз болып

қалыптасуына жарқын жол ашады.

Студенттердің алаңсыз оқып, білім алуы үшін олардың әлеуметтік жағдайларына да ерекше көңіл бөліп отырмыз. Жетім және жартылай жетім студенттер жатақханалармен қамтамасыз етіліп, олардың оқу ақылары жеңілдетілді. Өткен жылғы қараша айында студенттерге «Бір терезе» қағидаты бойынша қызмет көрсететін «Шапағат» орталығын ашуымыз оларға көп жеңілдік әкелді.

Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың «Абай атындағы университет еліміздің ЖОО-ның көшбасшысы болуға тиіс» деген нұсқауын басшылыққа алған біз оқу орнының абыройын арттыру жолында аянбай еңбек етудеміз.

Тақир БАЛЫҚБАЕВ,
Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің ректоры, педагогика ғылымдарының докторы, профессор



АННОТАЦИЯ ○

В статье ректор Национального педагогического университета им. Абая Тақир Балықбаев делится историей и достижениями самого первого вуза нашей страны, который в этом году отметит свой 90-летний юбилей. Устремленный в будущее, Национальный педагогический университет чтит добрые традиции вуза и тех, кто стоял у его истоков. Сегодня университет по праву не только признан одним из ведущих высших учебных заведений, но и находится в числе лучших в мире.